

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ  
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ  
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің,  
Nur Otan» фракциясының  
депутаттарына

2021 жылғы 6 қазандағы  
№ ДС-292 депутаттық сауалға

### Құрметті депутаттар!

Сіздердің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының (бұдан әрі – ӘМАТ) бағасын тұрақтандыру бойынша қабылданып жатқан шараларға қатысты депутаттық сауалыңызды қарастырып, келесіні хабарлаймыз.

БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (ФАО) деректері бойынша азық-түлік бағасының өсуі бүкіл әлемде байқалады, ағымдағы жылдың қыркүйегінде азық-түлік бағасының индексі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 33%-ды құрады.

Отандық өнім бағасының өсуіне бірқатар факторлар әсер етеді. Атап айтқанда, бұл ағымдағы жылғы республика аумағының басым бөлігіндегі құрғақ ауа-райы жағдайлары, энергия тасығыштарға және басқа да тауар-материалдық құндылықтарға бағаның өсуі, сондай-ақ пандемиядан кейін азық-түлік тауарларын жеткізу тізбегіндегі іркілістер (карантин, шектеулер).

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында а.ж. 7 қыркүйекте Үкімет инфляцияға қарсы ден қою шараларының Кешенін (62 іс-шара) қабылдады, ол елдегі баға конъюнктурасын тұрақтандыру бойынша жедел шараларды көздейді.

Іс-шаралардың басым бөлігі азық-түлік инфляциясын тежеу жөніндегі жедел және ұзақ мерзімді шаралардан тұрады. Жедел шаралар баға белгілеуге бақылауды күшейтуді, ӘМАТ теңгерімін жүргізуді, ірі өндірушілер мен сауда желілері арасында бағаларды төмендету және ұстап тұру туралы келісімдер жасасуды және басқа да іс-шараларды көздейді, ұзақ мерзімді шараларға егіс

аландары мен ӘМАТ өндіру көлемін ұлғайту, ерте пісетін көкөністерді жеткізуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар, тауар өткізу жүйесін құру жөніндегі іс-шараларды іске асыру қарастырылған.

Сонымен бірге, ӘМАТ бағаларын реттеу және жедел шаралар қабылдау мақсатында апта сайын Цифрлық үкімет кеңсесінде Премьер-Министрдің төрағалығымен мүдделі мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бірінші басшыларының қатысуымен кеңестер өткізіледі, онда сауда бойынша талдау платформасы арқылы өңірлер мен тауар позициялары бөлінісінде ӘМАТ бағаларына мониторинг және талдау жүргізіледі.

Сауда және интеграция министрлігі Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп үш айлық кезеңге әрбір өңірдің ӘМАТ-қа қажеттілігін есептеу жүргізді және республика бойынша негізгі өндірушілерді көрсете отырып, тауарлардың қажетті көлемі мен түрлерін жеткізуді ұйымдастыру үшін өңірлерге жіберілді.

Осы кеңестерде әзірленген ұсынымдарды орындау нәтижесінде тұрақтандыру қорларындағы тауарлар қоры 61%-ға (18 040 тоннадан 29 021 тоннаға дейін) ұлғайды. Сондай-ақ тұрақтандыру қорларына азық-түлік жеткізуге форвардтық келісімшарттар 21%-ға (32 025 тоннадан 38 646 тоннаға дейін) ұлғайды, «айналым схемасын» қаржыландыру 33,4-тен 46,1 млрд.теңгеге дейін кеңейтілді, оған өңірлерге 205,6 мың тонна азық-түлік жеткізу келісімшарты жасалды (167,7-ден 373,3 мың тоннаға дейін).

Көкөністердің негізгі түрлері бойынша (картоп, пияз, сәбіз, қырыққабат) өндіріс көлемі ішкі нарықты толығымен қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта облыс әкімдіктерінің деректері бойынша 195,8 ц/га орташа өнімділікте 192,8 мың га аланда 3 775,6 мың тонна картоп (*жинау алаңынан 97,3%-ы*), 161,6 мың га (*98,4%*) аланда 286,9 ц/га орташа өнімділікте 4 637,3 мың тонна көкөніс дақылдары жиналды.

Сонымен қатар, «әлеуметтік нан» бағасының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Үкіметпен «әлеуметтік нан» бағасының тұрақтылығын екі кезеңмен қамтамасыз ету тетігін мақұлдады. «Әлеуметтік нан» бағасын бір бөлкесі үшін 90 теңге (550 гр.) деңгейде ұстап тұру үшін ұн бағасы – тоннасына 121,4 мың теңге, ал бидай бағасы – тоннасына 90 мың теңгені құрауы тиіс.

*1-кезең:* А.ж. қазаннан желтоқсанға дейінгі кезеңде әкімдіктер азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларының тетігі арқылы бағаның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Үш айға ұнға жалпы қажеттілік шамамен 46 мың тоннаны құрайды.

Бүгінгі таңда жергілікті атқарушы органдар тұрақтандыру қорлары шеңберінде 22,8 мың тонна ұн қалыптастырып, «айналым схемасы» шеңберінде 25,7 мың тонна ұн, форвардтық сатып алу шеңберінде 22,4 тонна ұн сатып алынды.

Осылайша, 70,9 мың тонна немесе қажетті көлемнің 154%-ы қалыптасты. Нәтижесінде, бидай бағасының өсуіне қарамастан, нан бағасы тұрақты.

*2-кезең:* Қаңтар айынан бастап дәстүрлі түрде бидай бағасының өсуі байқалады. Дәл осы кезеңнен бастап «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы»

ҰК» АҚ (бұдан әрі – Азық-түлік корпорациясы) ресурстарын броньнан шығару жоспарлануда. 2022 жылғы қаңтардан қыркүйекке дейін «әлеуметтік нан» бағасын тұрақтандыру Азық-түлік корпорациясының арзандатылған бидайды ішкі нарыққа өткізу жолымен қамтамасыз етіледі.

Өңірлер үшін Азық-түлік корпорациясының ресурстарынан астықты арзандату тетігін заңнамалық реттеу мақсатында тиісті заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу жөніндегі жоба әзірленді, ол мүдделі мемлекеттік органдарда келісуде.

Сонымен қатар, форвардтық сатып алу шеңберінде ағымдағы жылы 769,3 мың тонна өнімге келісімшарт жасалды, оның ішінде 684 мың тонна жұмсақ бидай. Қазіргі уақытта Азық-түлік корпорациясына 427,6 мың тонна немесе келісімшарт жасалған көлемнің 65,5%-ы жеткізілді.

Өткен маусымның ауыспалы қорларын ескере отырып, жаңа егіннің жалпы астық жинаудың күтілетін көлемі республиканың ішкі қажеттілігін толық қамтамасыз ету, сондай-ақ астықтың белгілі бір көлемін экспортқа өткізу үшін жеткілікті.

Жалпы, аталған мәселе Үкіметтің тұрақты бақылауында және ӘМАТ бағасының негізсіз өсуіне жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдануда.

**Р. Склад**

*Орын. А. Тоқтарова*  
*Тел.: 74-53-21*